



САПА АЯСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ жаңа білім алуға, жаңа технологиялар әзірлеуге және оларды іске асыруға, халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті инженерлік кадрлар дайындауға бағытталған инновациялық-кәсіпкерлік университет ретінде қалыптасуды және дамуды мақсат етеді.

Сертификатталған сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жетілдіру – университет қызметінің тиімділігін арттыруда және білім, ғылым мен инновация саласында көшбасшылық позицияны қамтамасыз етуде қажетті шарттардың бірі болып табылады.

Сапа аясындағы саясат университеттің алға қойған мақсаткерлігін іске асыруға – Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-ды жаңа білім, инновациялар тудыру, өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде талап етілген политілді инженерлік кадрларды дайындау орталығы ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Саясат университеттің құндылықтарына, факультеттердің, ғылыми орталықтардың, зертханалардың әлеуетіне негізделеді, олардың қызметі ғылым мен білімнің интеграциялануын, бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау іс-тәжірибесін, жаңа білім, инновациялық идеялар тудыруды қамтамасыз етеді.

ШҚМТУ-дың Сапа аясындағы саясаты алдын-ала ескереді:

- инновациялық білім жүйесін жетілдіруді, заманауи білім технологияларын енгізуді;
- білім алушылар мен әлеуетті жұмыс берушілерді білім бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру процесіне тартуды;
- ғылыми-инновациялық қызметті дамытуды және оның білім беру үдерісімен интеграциялануын;
- әлемдік білім кеңістігінде интеграциялануды, халықаралық ғылым және білім жобаларына, академиялық мобильділік бағдарламаларына қатысуды;
- тиімді сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) дамытуды;
- жоғары білікті кадрлық әлеуеттің резервін қалыптастыруды;
- жаңа талаптарға сайма-сай келетін корпоративтік мәдениет және ішкі бәсекелік орта құруды;
- материалды-техникалық базаны дамытуды;
- заманауи ақпараттық ресурстар және инновациялық технологиялар қолдануды;
- азаматтық, рухани-адамгершілік, жалпы мәдениеттік қасиеттерге ие және заманауи қоғам жағдайында бейімделуге қабілетті мамандар дайындауда жүйелік тәсіл қолдануды;
- оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің әлеуметтік қорғалуын күшейтуді.

ШҚМТУ жоғары басшылығы

осы Сапа саясатын іске асыруда көшбасшы болып табылады және университеттің аталған саясатын және Даму стратегиясы бағдарламасын іске асыруға барлық ұжымды жұмылдыруға ұмтылады, сөйтіп жұмысқа көңіл бөліп, СМЖ қағидаларын жақтауда жеке үлгі көрсетеді.

Университет қызметкерлері,

СМЖ барлық үдерістерінің құзыретті әрі толық құқықты қатысушылары бола тұрып, жұмыс сапасы мен оның нәтижелілігін жан-жақты арттыра, өз қызметін ынталылық әрі жауапкершілік көрсетіп жоспарлайды және жүзеге асырады.

Ректор: Ж. Шаймарданов

09.11.2015 ж.

СМЖ жөніндегі Үйлестіру кеңесінің 29.10.2015 ж. өткен мәжілісінде мақұлданды.